

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2021, № 4 (96)

4 /2021

Бас редактор
Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан).

Аязан Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханият» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әжіғали Серік Ескендірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан).

Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығының» директоры, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Кудряченко Андрей Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық ғылым академиясының Дүниежүзі тарихы институтының директоры (Украина).

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Любичанковский Сергей Валентинович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының меңгерушісі (РФ)

Мұхтар Әбілсейіт Қапизұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры, (Атырау қ., Қазақстан).

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – PhD, Макс Планк атындағы Институт, Цюрих университеті (Швейцария)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Уяма Томохико – PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония).

Жауапты редактор

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшы

Зикирбаева Венера Серікқызы

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, заведующая кафедрой ЮНЕСКО «Наука и духовность» (г. Алматы, Казахстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (г. Алматы, Казахстан).

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (г. Нур-Султан, Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Нур-Султан, Казахстан)

Ажигали Серик Ескендиорович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Международной академии архитектуры стран Востока, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)

Жумагулов Калкаман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, почетный профессор Гёттингенского университета в Германии, директор Республиканского научно-исследовательского центра по изучению всемирной истории Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (г. Нур-Султан, Казахстан)

Кудряченко Андрей Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института всемирной истории Национальной академии наук Украины (Украина)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Алматы, Казахстан)

Любичанковский Сергей Валентинович – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории России Оренбургского государственного педагогического университета (Россия)

Мухтар Абилсейит Капизулы – доктор исторических наук, профессор, директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (г. Атырау, Казахстан)

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – доктор PhD, Институт Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Уяма Томохико – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония)

Ответственный редактор

Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор

Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева Венера Сериковна

Chief editor
Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – doctor of historical sciences, professor. Rector of I. Arbaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)

Abuseitova Meruert Huatovna – doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Head of the UNESCO Department “Science and Spirituality” (Almaty, Kazakhstan)

Alimbay Nursan – candidate of historical sciences, professor, Director of the State Museum Republic of Kazakstan (Almaty, Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholuly – doctor of historical sciences, professor, director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – doctor of historical sciences, professor, deputy director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Azhigali Serik Eskendirovich – doctor of historical sciences, professor, corresponding member of eastern countries international academy of architecture, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ehnology (Almaty, Kazakhstan)

Zhumagulov Kalkaman Tursunovich – doctor of historical sciences, academician, professor at Al-Farabi Kazakh National University. Director of the Research Center on World History Studies. Emeritus Professor of German Göttingen University (Almaty, Kazakhstan)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Kazakhstan Republic, member-correspondent of Bologna Academy of Sciences (Italy), head of the laboratory of Physical Anthropology of the National museum of Kazakhstan Republic (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Kudriachenko Andrey Ivanovich – doctor of historical sciences, professor, director of Institute of World History of the National Academy of Sciences of Ukraine (Kiev, Ukraine)

Kumekov Bolat Yeshmukhameduly – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan, director at International Institute of Kipchak Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

Sergey V. Lyubichankovskiy – doctor of historical sciences, professor, Head of the Department of Russian History, Orenburg State Pedagogical University (Russia)

Muktar Abilsseit Kapizuly – doctor of historical sciences, professor, director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshyk” in Atyrau (Atyrau, Kazakhstan)

Peter Finke – PhD, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland)

Sydykov Yerlan Battashevich – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan. Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Uyama Tomohiko – PhD, professor at Slavic Research Center, Hokkaido University (Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Technical secretary

Zikirbayeva Venera Serikovna

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: Otanhistory@gmail.com

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж кәуәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

**КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ «ӘСКЕРИ КОММУНИЗМ»
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК САЯСАТЫ****Қапаева Айжан Тоқанқызы^{1*}**¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих институты. Қазақстан, Алматы.*Автор-корреспондент
E-mail: kapaeva.59@mail.ru

Түйіндеме. 1921-1922 жылдары Қазақстанның бес өлкесі: Орал, Орынбор, Қостанай, Ақтөбе, Бөкей Ордасы алапат ашаршылыққа ұшырады. Ресми деректердің мәліметіне қарағанда, 1922 жылы мамыр айында ашаршылық 2.071.222 адам тұратын 1 0480100 шаршы шақырым аумақты қамтыған (АП РК, 211:39). Мақалада осы ашаршылықтың себебі қарастырылады. Ашаршылықтың негізгі себебі ретінде ұзақ жылдар бойы азамат соғысының салдары мен ауа-райының қолайсыздығы: Қазақстанның батыс өңірін жайлаған қуаңшылық пен жұт айтылып келді. Ғаламат ашаршылықтың кешенді себептері болды, соның ең бастысы большевиктердің «әскери коммунизм» саясатына ұласқан азық-түлік диктатурасын орнатуы еді. Бұл саясат күш қолдану әдісі, тәркілеу мен мүлікті мемлекеттің меншігіне қарататын - тұрғындардың қолындағы барын «түгін қалдырмай» тартып алған азық-түлік салғырты арқылы жүзеге асырылды. 1921-1922 жылдардағы ашаршылыққа - қазақ халқы дәстүрлі шаруашылық жүйесінің күйреуі және большевиктердің жергілікті табиғи-климаттық, әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескермеуі де ерекше әсер етті. Мақалада азық-түлік пен салық жинайтын қарулы отрядтардың шексіз уәкілеттігі, олардың қызметтік билігін асыра пайдаланып, отбасын қорғаған қарапайым жазасыз азаматтарды қамауға алғаны, сотсыз атып тастағандары, т.б. қатігездікпен қатаң жаза қолданғандары жан-жақты ашып көрсетілген. Ауа-райының қолайсыздығы да елде ашаршылықтың орын алғанына әсер еткенін атап өткен жөн. Көпті көрген көнекөз қариялардың байқауынша, қуаңшылық пен жұт көшпелі тұрғындарда әрбір он жылда қайталанып отырған. Алайда 1921-1922 жылдардағыдай ашаршылықтың салдарын байырғы халық ешуақытта басынан өткермеген еді.

Кілт сөздер: «әскери коммунизм», азық-түлік салғырты, ашаршылық, жұт, салық.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қаржылық қолдауымен AR09259227 «1921-1922 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық және оның зардаптары (жаңа мұрағаттық және жазба деректер негізінде)» жобасын іске асыру шеңберінде әзірленген.

МРНТИ 03.20.00**ПРОДОВОЛЬСТВЕННАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В КАЗАХСТАНЕ
В УСЛОВИЯХ «ВОЕННОГО КОММУНИЗМА»****Қапаева Айжан Тоқановна^{1*}**¹Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. Казахстан, Алматы.* Автор-корреспондент
E-mail: kapaeva.59@mail.ru (Капаева)

Аннотация. В 1921-1922 гг. пять губерний Казахстана: Уральская, Оренбургская, Кустанайская, Актюбинская, Букеевская испытывали сильнейший голод. По официальным данным на май 1922 г. голод охватил территорию 1 048 100 кв. км. с населением 2 071 222 человек (АП РК, 211:39). В статье рассмотрены предпосылки голода. Главной причиной разразившегося голода, на протяжении долгого времени называли последствия гражданской войны и погодные условия: засуху и джут, охватившие западную часть Казахстана. Предпосылками невиданного голода послужил комплекс причин, главная из которых эта политика большевиков, установивших продовольственную диктатуру, трансформированную в политику «военного коммунизма». Главным звеном этой политики была продразверстка, в результате которой у населения изымалось все «подчистую» силовыми методами – конфискацией и реквизицией. Другой важнейшей причиной голода в 1921-1922 гг. было разрушение традиционной системы хозяйствования казахов, игнорирование большевиками общих закономерностей взаимодействия природно-климатических

и социально-экономических факторов. В статье рассматривается деятельность вооруженных продотрядов, занимавшихся сбором налогов, наделенных властью огромными полномочиями, которые они безнаказанно превышали: подвергали аресту и даже расстрелу без суда и следствия людей, вставших на защиту своих семей. Несомненно, погодные условия также сыграли свою роль. Засуха и джут сопровождали жизнь кочевого населения периодически - раз в 10 лет, по наблюдениям старожилов. Однако таких тяжелых последствий, как в 1921-1922 гг. коренное население не испытывало.

Ключевые слова: «военный коммунизм», продразверстка, реквизиция, голод, джут, налоги.

IRSTI 03.20.00

FOOD POLICY OF THE SOVIET GOVERNMENT IN KAZAKHSTAN IN THE CONDITIONS OF “WAR COMMUNISM”

Капаева Айжан Токановна^{1*}

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Kazakhstan. Almaty.

*Author correspondent

E-mail: kapayeva.59@mail.ru

Abstract. In 1921-1922 five provinces of Kazakhstan: Ural, Orenburg, Kustanayskaya, Aktobe, Bukeevskaya experienced severe hunger. According to official data, in May 1922, the famine covered an area of 1,048,100 square meters. m with a population of 2,071,222 people (AP RK, 211:39).. The article examines the prerequisites for hunger. The main reason for the outbreak of famine, for a long time, was called the consequences of the civil war and weather conditions: drought and jute that swept the western part of Kazakhstan. The preconditions for the unprecedented famine were a complex of reasons, the main of which was the policy of the Bolsheviks, who established a food dictatorship, transformed into a policy of “war communism”. The main link in this policy was the surplus appropriation system, as a result of which everything “cleaned up” was taken from the population by forceful methods - confiscation and requisition. Another major cause of famine in 1921-1922. was the destruction of the traditional economic system of the Kazakhs, the Bolsheviks ignoring the general laws of interaction of natural-climatic and socio-economic factors. The article examines the activities of armed food detachments engaged in collecting taxes, endowed with immense powers, which they exceeded with impunity: they arrested and even shot people who stood up to protect their families without trial or investigation. Undoubtedly, weather conditions also played a role. Drought and jute accompanied the life of the nomadic population periodically - once every 10 years, according to the observations of old-timers. However, such severe consequences as in 1921-1922. the indigenous population did not experience.

Key words: “war communism”, surplus appropriation, requisition, hunger, jute, taxes.

Кіріспе. 1917 жылғы 24 қазандағы қарулы көтерілістің нәтижесінде большевиктер билікті басып алды, бұл құлатылған таптардың қарсылығын тудырды. Азаматтық соғыс билік үшін күрестің жалғасы болды, нәтижесінде қоғам таптық негізде екі соғысушы лагерьге бөлінді: бір жағынан, билікте тұрған буржуазиялық Ресей өкілдері, екінші жағынан, билікті басып алып, бүкіл биліктің пролетариат диктатурасының қолына өткенін жариялаған жұмысшылар мен шаруалар еді. Осы азаматтық соғыс жағдайында революциялық комитет қолда бар материалдық ресурстарды халықтың әртүрлі топтары арасында қайта бөлуге жұмылдырады. 1918 жылы большевиктер қарулы зорлық-зомбылық пен мүлікті мемлекеттің меншігіне қарату арқылы жүзеге асырылатын қатаң азық-түлік диктатурасын енгізе бастады. 1919 жылдың басынан бастап азық-түлік салғыртына айналған бұл жүйе 1925 жылдың ортасына дейін жалғасып, халыққа ауыр сынақтар әкелген ашаршылықтың туындауына себеп болды.

Материалдар мен әдістер. Мақала ҚР Президенті және ҚР Орталық мемлекеттік архивтерінің құжаттары негізінде жазылған.

Президент архивінде келесі қорлар қаралды: 139-қ. «Қырғыз облыстық комитеті (Киробком) РКП (б)»; 140-қ. «РКП(б) облыстық бюросы»; 141 қ. «Қазақ өлкелік комитеті (Казкрайком) РКП(б)». Онда пленумдардың, жабық отырыстардың хаттамалары, циркулярлар, құпия мәліметтер, жеделхаттар және т.б. бар. Мысалы, «КСРО-дағы ашаршылық және оған қарсы күрес» деген баяндамада 1921-1922 жылдардағы ашаршылық кезіндегі індеттер туралы деректер, азық-түлік, салық науқаны жөніндегі материалдар, провинциялардың саяси және экономикалық жағдайы туралы және т.б. ақпараттық мәліметтер бар.

ҚР Орталық мемлекеттік архивінде 224-қ. «Қырғыз АССР азық-түлік халық комиссариаты»; 82-қ. «КСРО Денсаулық сақтау халық комиссариаты»; 30-қ. «Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі (ХКК)»; 135 қ. «Қазақ КСР Орталық Атқарушы комитеті жанындағы бай-жартылай феодалдардың мүлкін тәркілеу және шығару жөніндегі орталық комиссия»; 5-қ. «ҚазАССР кеңестерінің орталық атқарушы комитеті (ҚазАССР ОСК)» қаралды. Аталған мұрағат қорларынан келесі материалдар алынды: отырыс хаттамалары және аймақтық комиссияның аштыққа көмек көрсетуі туралы; азық-түлік халық комиссариаты жанындағы аштыққа көмек көрсету комиссиясы отырысының хаттамалары; республикадағы азық-түлік жағдайы туралы баяндамалар және т. б.

Орталық билік құрылымдарының мұрағаттық материалдарын зерттей отырып, біз азық-түлік саясаты саласындағы негізгі іс-шаралар, оның әдістері мен нәтижелері туралы ақпарат алдық. Жергілікті органдардың құжаттары қойылған жоспарларды орындаудың нақты шарттарымен, жергілікті жерлердегі мәселелермен және қиындықтармен танысуға мүмкіндік берді. Архивтерде болып жатқан үдерістерді толық ашатын әртүрлі нұсқаулықтар, үкімдер, бұйрықтар, жазбалар, жеделхаттар, телефонограммалар зерттелінді.

Большевиктердің азық-түлік саясатын зерттеу үшін ХКК, БОАК және Азық-түлік халық комиссариатының орталық органдарының заңнамалық актілері (жарлықтар, қаулылар, бұйрықтар) қызығушылық тудырады.

Құжаттардың үлкен кешені 1921-1922 жж. ашаршылық проблемасына арналған. Нақтырақ айтсақ, бұл телеграммалар, хаттар, уездік және губерниялық комитеттердің баяндамалық жазбалары, онда азық-түлікпен байланысты қиындықтар, тұқымдық материалдың жетіспеушілігі, азық-түлік салығын өндіріп алудың мүмкін еместігі баяндалады. Бірқатар құжаттар ашаршылыққа қарсы күрес жөніндегі жергілікті комиссиялардың қызметі туралы, ашыққан босқындарға көмек көрсету, асханалар ұйымдастыру және т.б. мәселелері бойынша көптеген құжаттар кездеседі.

Талқылау. XX ғасырдың 20-жылдарындағы сол қорқынышты оқиғалардың куәгерлері жазған Н.И. Мардаровскийдың «Қырғызстандағы ашаршылық және қуаншылықпен күрес»; М. Горевтың «Ашаршылық және шіркеу құндылықтары» деген жұмыстары қызықты.

Зерттеудің дереккөзі ретінде Қазақстанда Кеңес өкіметінің азық-түлік саясатын жүзеге асыру бойынша партиялық, кеңестік және шаруашылық органдардың қызметін көрсететін құжаттар мен материалдардың жинақтары, жалпылама еңбектер мен монографиялар болды. XX ғасырдың 20-жылдарындағы ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайы қарастырылатын Г.Ф. Дахшлейгер, К.Н. Нұрпейісов, А.Б. Тұрсынбаевтың еңбектерінің маңызы зор. Сондай-ақ Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі Қазақстандағы саяси жағдайдың ахуалы жөнінде мәліметтер берілген (Дахшлейгер, 1965; Нұрпейісов, 1972; Тұрсынбаев, 1967).

Ж.Б. Абылхожинның монографиялары мен мақалалары үлкен ғылыми қызығушылық тудырады, онда автор Қазақстанның дәстүрлі құрылымын қалыптастыру мен трансформациялаудың әлеуметтік-экономикалық аспектілерін қарастырады (Абылхожин, 1991).

1921-1922 жж. ашаршылыққа Б.А. Мұсаевтың 2006 жылы жарық көрген жұмысы арналған. Автор бірқатар мәселелерді қарастырады: ашаршылықтың себептері, ауқымы мен сипаты, билік органдарының ашаршылық пен оның салдарымен күресті ұйымдастырудағы іс-шаралары және т.б. (Мусаев, 2006).

М. Әбсеметовтің жұмысында Сәкен Сейфуллиннің 1922-1924 жылдардағы Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы лауазымындағы рөлі және оның ашаршылық зардаптарын жоюдағы орны ашылады. Параграфтардың бірі «Сәкен және 1921-1922 жылдардағы ашаршылық зардаптарын жою» деп аталады (Әбсеметов, 2006:47).

Зерттеу нәтижелері. Билік «соғыс коммунизмі» саясаты деп аталатын экономикаға бірқатар төтенше шаралар енгізеді. Бұл саясаттың негізгі компоненттері тек ірі және орта ғана емес, сонымен қатар шағын өнеркәсіпті национализациялау, жалпыға бірдей еңбек міндетін енгізу, мемлекеттік астық монополиясын құру және азық-түлікпен жеке саудаға тыйым салу болды. «Соғыс коммунизмі» саясатының негізгі элементі азық-түлік салғырты болды. Оның мәні мемлекетке барлық артық нан мен басқа да өнімдерді құнсызданған қағаз ақшаларға белгіленген бағамен міндетті түрде тапсыру болды, бірақ іс жүзінде өнімдер негізінен күштік әдістермен алынды. Азық-түлік салғырты мемлекеттік қажеттіліктерден есептеліп, көбінесе олардың нақты мүмкіндіктерін ескермей облыстар, губерниялар, уездер, болыстар бойынша таратылды.

Азық-түлік мәселесі Кеңес өкіметінің экономикалық саясатының маңызды бағыттарының біріне айналды. Азық-түлік халық комиссариаты бастаған мемлекеттік органдардың жүйесімен орындалып отырған азық-түлік диктатурасы орнады.

БОАК (Бүкілресейлік орталық атқару комитеті) мен Халық Комиссариатының 1920 жылғы 26 тамыздағы «Қырғыз Кеңестік Социалистік Республикасы автономиялық республикасын құру туралы» Декреті және 1920 жылғы 20 қазандағы кеңестердің Бүкілқырғыз съезінің Қаулысымен Қырғыз азық-түлік халық комиссариаты ұйымдастырылды.

Қырғыз азық-түлік халық комиссариаты республика аумағындағы барлық азық-түлік

ұйымдарының қызметін реттейтін және бақылайтын жоғары орган және РКФСР Азық-түлік халық комиссариатының тікелей бағынысында болды, сонымен бірге өз қызметінде ҚазОАК-ке (Қазақ орталық атқару комитеті) бағынышты болып, есеп берген (ҚР ОМА, 107:99).

Азық-түлік комиссариатының алдында мынадай міндеттер тұрды: азық-түліктің барлық түрлерін дайындау, халықты және армияны жабдықтау, азық-түлікті бөлу, ХШЖК-мен (Халық шаруашылығының жоғары кеңесі) бірге азық-түлік пен бірінші қажеттіліктегі заттарға баға белгілеу, ҚазССР жергілікті азық-түлік органдарының қызметіне басшылық жасау.

1920 жылдың аяғында азық-түлік салғырты барлық дерлік азық-түлік түрлеріне, соның ішінде мал өсіретін аудандарда «ет» салғырты таралды. Қазақстанда азық-түлік салғырты 1920 жылдың басынан бастап жүзеге асырыла бастады, Қазақстан экономикасының негізгі саласы терең дағдарыста болған мал шаруашылығы болды. Қазақстандағы Кеңес өкіметінің реквизициялық саясаты әсіресе мал шаруашылығына нұқсан келтірді.

Малдарды алу жөніндегі азық-түлік органдарына сүйенген негізгі құжаттардың бірі В.И. Лениннің қолы қойылған 1920 жылғы 23 наурыздағы ХКК (Халық комиссарлар кеңесі) декреті болды: «а) 3 жастан бастап ірі қара мал отарының (сиырлар мен өгіздердің) жалпы санының 8%; б) 1 жастан 3 жасқа дейінгі барлық төлдер...». Жеткізу мал басының санымен емес, пұтпен анықталады. Бұл қаулы ресми түрде ашық баспасөзде жарияланған жоқ. Жарлықтың соңғы тармағында ет дайындау жоспарын орындаудан жалтарғандарға «...жеткізілетін малды белгіленген бағасынан құнын төмендете отырып мемлекеттің өз меншігіне алуы, кінәлілерді тұтқындау және оларды революциялық трибуналда сотқа беру» секілді ауыр жазаларға тартылатыны айтылды (Декрет, 1975: 377).

1921 жылы 18 наурызда өткен Қырғыз (Қазақ) азық-түлік халық комиссариаты жанындағы 1-ші аймақтық азық-түлік кеңесінде қазақтардан мал алу көлемі туралы мәселе қаралды.

Бұл жиналыста Қырғыз (Қазақ) халық жер комиссариаты атынан шыққан Ә. Бөкейханов сөз сөйледі: «Облыстық жиналыс аймақтың ерекшеліктерін ескеруі тиіс және міндетті, өйткені 23 наурыздағы декрет бойынша дала біраз уақыттан кейін мүлдем малсыз қалуы мүмкін. Айта кету керек, мемлекетке ет тек 21 жылы ғана емес, 22, 23, 24 жылдары да қажет. Мал шаруашылығының негізін сақтау және оны ұтымды пайдалану – өлкелік емес, жалпы мемлекеттік міндет». Әрі қарай Ә. Бөкейханов Щербина экспедициясы жинағының сандық материалына сілтеме жасайды, ол әр түрлі жастағы малдың пайыздық қатынасын көрсете отырып, Жарлық нормаларын қолдану негізгі мал өсіру қорына әсер ететінін дәлелдейді (ҚР ОМА, 16:98). Кеңестің кейбір қатысушылары Бөкейхановтың ұсынысын қолдап, Қырғыз азық-түлік халық комиссариатының норманы өзгертіп қана қоймай, декрет мөлшерлемелерін қолданған жағдайда малдың жойылып кету қаупі бар екенін анықтауға міндетті екенін атап өтті. Бірақ бұл төмендеу оны тудырған жағдайларда да, мөлшерде де қатаң және дәл негізделуі керек. Шарц бұл жағдайда ешқандай заң бұзушылық жоқ деп санайды: «РКФСР сияқты үлкен елді бір үлгі бойынша басқару мүмкін емес. Жергілікті жағдайларды есепке алу Қырғыз азық-түлік халық комиссариатының негізгі міндеті (ҚР ОМА, 16:99).

Жиында сөз сөйлеген Омаров былай айтады: «губерниялық азық-түлік комиссиясы кейбір жағдайларда жергілікті жағдайларды ескермейтін, бірақ істің талаптары мен мүдделеріне сәйкес, орталықтың өкімдеріне бағына беруге міндетті емес.

Осы тармақты талқылау кезінде Ә. Бөкейханов Щербиннің ғылыми экспедициясының деректері бойынша табынның пайыздық арақатынасын негізге ала отырып, алып қоюдың % - ын төмендету қажеттігін көрсетеді. Бөкейханов пен оның жақтастары қазақтардан мал алу пайызын азайту керек деп талап етті. Орталық ұсынған алу пайызы 25%-ды құрады. Бөкейханов жылына 40% өсімді болжап, 25% алып тастау екі жылдан кейін теріс мәнді алуды білдіреді. Алайда Бөкейханов пен оның жақтастарының ұсыныстары қабылданбады және өлкенің ерекшеліктері мен ғылыми есептеулер ескерілмеген малды алып қою шаралары (Щербинаның есептері бойынша) қабылданды.

КСРО Халық Комиссарлар Кеңесіне өкім жіберілді, онда: «РКФСР Халық Комиссары барлық өнімдерге шығарған барлық жұмыстар орнықты болып қала береді және осы саладағы жұмысқа жауапты басшыларды орындарға, жеке бұйрықтарға және азық-түлік өнімдерінің бейімделуі мен функциялары туралы тиісті ұйымдастырушылық нұсқауларға жіберу арқылы дайындықтардың қарқындылығын арттыру сипатын қабылдауы керек (ҚР ОМА, 26:78). Азық-түлік салғыртын қандай жағдай болса да орындауды ұйғарды.

Мал шаруашылығы өте ауыр жағдайда болды, бұл туралы мұрағаттық деректер растайды. Егер 1917 жылы Кирреспубликада 29700 бас мал болса, 1920 жылы – 9700, 1921 жылы – 6200, бұл пайыздық қатынаста малдың азаюы 83% құрайды (ҚР ПА, 211:38). Қостанай губерниясында қой мен ірі қара мал орта есеппен 95%, Ақтөбе губерниясында - 90% өлді (ҚР ПА, 359:32).

Губерниялардан шектен тыс мал өткізуді талап етілген. Атқару комитеті төрағасының орынбасары Омаровтың жеделхатынан: «экспедицияның саяси жетекшілеріне барлық болыстардан,

кейбір жерлерде қолда бар мал санынан асып түсетін, болмаса, қолдағы санына тең келетін мал басын тапсыруды бұйырды. Қырғыз халқының экономикалық жағдайы болған жұттардың салдарынан мал шаруашылығының түпкілікті жойылу қаупі тұрса да, экспедицияның пікірі бойынша халық міндеттемені орындауы тиіс болды...» (ҚР ПА, 74:32). Малынан айырылған көшпелі қырғыз (қазақ) халқы жалғыз тіршілік көзінен айырылады.

1921 жылғы 25 наурыздағы ҚазОАК-ке жазған хатында Адай революциялық комитетінің төрағасы Әланиязов ҚазОАК-тің келген мүшесі Данилов «бізге белгісіз себептермен Адай уезіне келесі сандағы малды беруге талап етті: 20.000 қой, 40.000 ірі қара мал және 12.000 пұт май» (ҚР ОМА, 45:56). Одан әрі Әланиязов бұл бөлу аудандағы мал басы туралы ешбір мәліметсіз белгіленгенін, оның әлі есепке алынбағанын айтады. «Халқымызға түсетін бұл үлес өте ауыр жүк, оны орындай алмаймыз, ол халқымыздың мал шаруашылығын түбегейлі жойып жіберуі мүмкін, бұл үлестірімнен кейін халықтың малы бола ма, жоқ па белгісіз». (сол жерде). Адаев уезінің ревком төрағасы ҚазОАК-ке өтініш білдіре отырып, осы мәселені талқылауды және халықтан осы ауыр салғыртты алып тастауды және алдымен уездегі қолда бар малдың есебін жүргізуді сұрайды.

1921 жылдың тамыз айында қазақ губерниясының жағдайы жақсы губернияларын таңдап, азық-түлік салғырты есебінен мынадай көлемде алу көзделді: мысалы, Семейден 8830 жылқы басын, 182.788 қой етін, 257.569 ешкі. Петропавлдан: жылқы еті 24.155 дана (ҚР ПА, 197: 196).

1921 жылы мал басының кемуі 1917 жылмен салыстырғанда 83% құрады: 1917 жылы 29700 мал басы болса, 1921 жылы мал басының саны 6200 болған (ҚР ПА, 211:39). Адамов ауданының Жетігүл болысының болыстық атқарушы комитеті төрағасының баяндамасынан мал санының едәуір азайғандығын байқаймыз: 1920 жылдың көктемінде болыста 12.000 мүйізді мал басы болса, 1922 жылдың көктемінде 1000-ы ғана қалды; жылқы 20.000-нан 2.500 қалды; қойлар 13.000-нан 2000 ғана қалды. 120 шаруашылық мүлдем малсыз қалды (ҚР ПА, 11:28).

Салық жинаған жасақтар берілген уәкілеттіліктерін көбінесе шамадан тыс қолданған. Мұрағат құжаттарынан бұл азық-түлік таситын әскерилер билікті барлық жерде асырын пайдаланғаны көрінеді. Халықтың арбаларын, киіздерін, малдарын тартып алды. Мәселен, Қостанай губерниясының Адамов, Можаров уездерінде «Жылқы сатып алу бойынша әскери агенттер айуандық жасауда, жылқыларды қырғыздардан табындарымен тұрақты бағамен алып, еркін бағамен сатууда. Тұрғындар бірнеше рет атқарушы комитеттер мен милицияға азық-түлік органдарының тәртіпсіздіктері мен заңсыз әрекеттеріне шағымданды, бірақ олар бұған мән бермеді. Халықтың көпшілігі шағымданудан қорқады (ҚР ОМА, 62:5).

Ақмола губерниясына атарба көлігін «мобилизациялау» үшін Дорошенконың 45 адамнан тұратын қарулы жасағы жіберілді. Екі тәулік ішінде жергілікті тұрғындардан 1500 түйе алынды. Бұл халықтан малды бірінші рет реквизициялау болмағандықтан, қазақтар өз малдарын қорғау шараларын қабылдады. Атап айтқанда, түйелерді тауларда немесе қамыстарда жасырып, аяқтарын байлады. Бұл туралы Ақмола уезі бойынша Қырғыз азық-түлік халық комиссарының уәкілі П. Щепин өз баяндамасында хабарлады (ҚР ОМА, 44:37) «Атарбаларды мобилизациялау жұмысы кезінде ауылдың ақсақалдары мен рубасылары тұтқындалып, оларды тұтқындаумен ғана қырғыздар жасырын түйелердің, жүксауыттардың және арқандардың қайда болғанын көрсетуге келісті». Сол баяндамада қырғыздардың мал алуға қарсылық білдіргені туралы айтылған. 1000 түйе мөлшерінде малды бірінші реквизициялау кезінде қырғыздар жасаққа шабуыл жасап, өз малдарын тауға тығып тастады. «Жасақ әр түрлі ауылдарда ақсақалдар мен шабуылдың белсенді қатысушыларынан 25 адамға дейін тұтқындады. Мобилизациялау аяқталғаннан кейін Саран және Қойтас болыстарында жасақ өзімен бірге ұсталған 7-8 адамды алып, ары қарай бет алды». Щепиннің баяндамасында «ресми емес мәліметтер бойынша, уездің Оңтүстік ауданында 30 адамға дейін қырғыздар атылған» деп келтірілген (ҚР ОМА, 44:37).

РКП жауапты хатшысы мен Семей губерниясы Қарқаралы уездік атқару комитетінің мүшесі Зубовтың 1921 жылғы 12 қазандағы ақпараттық баяндамасында қазақ аудандарында ресми өкіметтің азық-түлік салғыртын жинауда шектен тыс әрекеттері туралы айтылған. 1921 ж. 3 тамызда Қарқаралы уезінің Солтүстік болыстарына жиналған нанды 500 түйемен темір жол желісіне жіберу үшін Ақмола уезі 4-ші ауданының аудандық милиция бастығының басқаруымен құрамында 30 адам бар қарулы жасақ келді. Жасақ халықты қорқытып, 10 ықпалды қырғыз тұтқынға алынып, олар кейіннен тергеусіз ату жазасына кесілді. Олардың шаруашылықтары толығымен талқандалып, тоналды. Билік ұйымдастырған осындай наразылықтардан кейін екі болыс Түркесубликаға толығымен қоныс аударды (ҚР ОМА, 44:52).

Осылайша, жоғарыда келтірілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, Қазақстанның мал шаруашылығы құлдырауға ұшырады, нәтижесінде мемлекет тарапынан тонау мен зорлық-зомбылықтан туындаған азық-түлік тәркілеу мен реквизициялаудан мүлдем мұндай болмаған қайғылы жағдайға алып келді.

Қазақстанның отырықшы шаруашылығы да көптеген шығынға ұшырады.

Азық-түлік салғырты ХКК (Халық Комиссарлар Кеңесі) 1919 ж. 11 қаңтарындағы Декретімен енгізілді. Онда «Қызыл Армия мен нан тапшылығы аудандардың қажеттіліктері үшін шұғыл түрде нан жеткізу және Бүкілресейлік Орталық атқарушы комитеттің астық монополиясы мен заттай салық туралы декреттерін дамыту мақсатында артық астық нандары мен жем-шөпті мемлекет иелігіне өткізудің келесі тәртібі белгіленеді делінген». Бұл Декретте азық-түлік жинайтын қарулы жасақтарға шексіз уәкілеттілік берілді. Аталған Декретке сүйене отырып, азық-түлік дайындаумен айналысқандардың барлығы азық-түлік органдары мен жасақтары тарапынан жаппай озбырлық көрді. Бұл органдардың жұмысын ұйымдастырудың негізгі нысаны – тәркілеу және реквизициялау (мемлекет меншігіне алу) (Декреттер, 1968:293). 1919 жылғы 2 қыркүйектегі ХКК ережесінің 5-тармағында былай делінген: «сыйлықақы жасақтар жинаған наннан беріледі», жасақтар осыдан ерекше қатыгездікпен әрекет етті.

Дәнді дақылдарды алудан бастап, көп ұзамай ол, барлық жерде жүретін қатаң әдістерді сақтай отырып, басқа ауылшаруашылық өнімдеріне таратылды. Мысалы, 1921-1922 жылдары ауыл шаруашылығында өндірілетін барлық өнімдерге он үш бөлек салық белгіленді, олардың әрқайсысының басқасына тәуелсіз өзіндік құрылыс жүйесі болды, яғни олар бір-бірімен келісілмеді. Салықтардың көптігінің мұндай жүйесі мемлекет үшін де, салық төлеушілер үшін де күрделілік пен қолайсыздықпен ерекшеленді.

Мәселен, 1921 жылы Көкшетау уезінде тұрғындарға келесі салықтар салынды: 1. Жұмыртқа; 2. Май; 3. Жүн; 4. Ет; 5. Шөп; 6. Нан; 7. Көкөніс; 8. Темекі; 9. Тері-шикізат (ҚР ПА, 107:83).

Бүкіл Кирреспублика бойынша егіс алқабы 1921 жылы орта есеппен 47%-ға қысқарды (ҚР ПА, 211:39). Құрғақшылықтан ең көп зардап шеккен Орал губерниясында жойылған нанның жалпы ауданы 80% құрайды. Орташа өнімділік егу десятинасының 1 пұтын құрайды (ҚР ОМА, 34:5).

Ашаршылықта деп танылған губерниялар кейбір салықтардан босатылды, бірақ нан мен етке салынатын негізгі салықтар қалды. Оларға ішкігуберниялық салық деп аталатын салық жүктелді, яғни аштықтағы губернияларды салықтан толық босату туралы сөз болған жоқ. Тіпті ең зардап шеккен Орал губерниясында «жалпымемлекеттік принцип бойынша, мөлшерлемелердің азаюымен, сондай-ақ шөп пен етке салынатын салықтар, мөлшерлемелердің төмендеуімен астық салығы жарияланды». Азық-түлік салығын алу кейбір шаруашылықтарды салықтан босату құқығы берілген аштыққа қарсы көмек көрсету уездік комиссияларымен және губерниялық атқару комитеттерімен бірлесіп жүргізілді (ҚР ОМА, 34:5).

Басқаларына қарағанда кешірек аштықта деп танылған Қостанай губерниясы салықты сәтті тапсырды,- деп көрсетілген есепте. Әсіресе ет салығы халықтың аштыққа ұшырағанына қарамастан, тіптен жоспарланған көлемде орындалды (ҚР ОМА, 34:4 а.б.).

Бөкей губерниясында егілген нанның көп бөлігі құрғақшылықтан 80%-ға жойылды. Губерниялық атқару комитеті ет, нан, май салықтарын белгіледі.

Есептерден, ең ауыр 1921-1922 жылдары, ресми түрде аштық деп танылған 5 губерния аштықтан зардап шеккенде, қолайлы деп есептеп, Ақмола және Семей губернияларынан ет жинауда азық-түлік органдары екі және одан көп көрсеткіштер бойынша асыра орындап салық жинады.

Кесте 1 Пұтпен есептеу (Пұт – орыс есептеу жүйесінің массалық өлшем бірлігі. 1 пұт = 16.3804815 кг.) (ҚРОМА, 5: 34)

	Нан	май	жұмыртқа	шөп	жүн	тері	ет
жоспарланғаны	8470044	49.000	9671000	5300000	14379	608286	233.260
алынды	3993236	24.471	2743329	983277	10807	195296	326.780

Қазақстанда ашаршылыққа қарамастан азық-түлік салығын өндіріп алу жалғасты. Ашаршылық жайлаған губернияларынан 1921-1922 жылдардағы салық науқанына, олар ресми түрде кейбір салықтардан босатылса да, азық салығы бойынша өнімдер келесі мөлшерде жиналды:

Кесте 2 Жиналған азық-түлік салығы мөлшері (ҚРОМА, 5: 34)

	Нан	май	жұмыртқа	шөп	жүн	тері	ет
Жоспарланғаны	84.465	38.192	2020008	180000	10434	300123	135678
Алынды	38.376	5.093	473724	471.796	7034	12081	103055

Барлық азық-түлік салығы бойынша жиналған Азық-түлік халық комиссариатының орталық органдарына жіберілді, ал халық азық-түлікке қатты мұқтаж болды, ашаршылыққа ұшырады және

қайтыс болды. Содан кейін қарыздар есептелді, яғни жоспарланғаннан қанша өнім аз тапсырылды. Өндіруші губерниялар бойынша бересілер алдағы бірыңғай заттай салықпен бірге төленуге тиіс болды (ҚР ОМА, 34:5), яғни келесі жылы төленуі тиіс. Большевиктік басшылық азық-түлік «қысымын» күшейте отырып, келесі егіннің есебінен қарызды талап етуге көшті.

1921 жылғы егін жинау бойынша қолайлы Семей және Ақмола губерниялары егіннің кем дегенде бір бөлігін неге аштықтағы губернияларға жібермеді деген заңды сұрақ туындайды. Сұраққа жауапты біз Саматовтың (Азық-түлік жөніндегі халық комиссарының) Кирреспубликадағы азық-түлік жағдайы туралы баяндамасынан аламыз. Дәл осы екі қолайлы губерниялар орталықпен «брондалған»: «РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесі Семей мен Ақмоланың барлық нанын Орталықтан тыс брондауға шешім қабылдады, яғни барлық нан КСРО-ның қарамағында емес, Мәскеу билігінің қарамағында деп саналады. Қажет болса, біз Мәскеу билігіне бізге қажетті мөлшерде нан беру туралы өтініш береміз» (ҚР ОМА, 146:43).

«Халықтың қазіргі жағдайы мүлдем жақсы емес. КССР бір бөлігі толықтай дерлік ашаршылыққа ұшыраса, ал басқасы нанды орталыққа апаруда. Республиканың бір бөлігінің жұмысшылары толық азық үлесін алады, ал екінші бөлігінің жұмысшылары ештеңе алмайды». Азық-түлік жағдайы туралы баяндаманы талқылау кезінде кеңеске қатысушылар жиналған астықты республиканың өзі басқара алуы үшін Семей және Ақмола губернияларын ҚазССР қарамағына қайтару қажет деген ортақ пікірге келді. Атап айтқанда, осы отырыста сөз сөйлеген Т. Даниловский тиянақты түрде: «Мен РКФСР Азық-түлік халық комиссариаты тарапынан КСРО Азық-түлік халық комиссариатына қатысты тікелей кедергі келтіріп тұрғанын көріп тұрмын. Семей және Ақмола губернияларын қайта қайтару мақсатында Кеңес халық комиссариаты және ҚазОАК-тің жауапты өкілін жіберу керек ...»

Азық-түлік жөніндегі халық комиссары Н. Саматовтың баяндамасынан: «Мен Шығыс Қырғыз (Қазақ) өлкесінде дайындалған орталыққа жеткізілуі тиіс нан мөлшерінен 1 миллион пұт нанды Кирреспубликаның аштықтағы губернияларын қамтамасыз етуге жіберу мәселесін көтердім.

Халық салық төлей алмақ түгілі, мемлекеттің көмегіне мұқтаж болды. Халықтың қиналғаны соншалық суррогаттардың 38 түрлерімен тамақтанды; экономикалық жағдайы жақсырақ болыстар да осыған ұқсас жағдайда болды.

Орталық дайындау жоспары орындалмаған жағдайда жазалау шараларын қабылдайтыны туралы жеделхаттар, телефонограммалар жіберуді жалғастырды.

Барлық нан дайындаумен және жөнелтумен айналысатын Ақмолаға тікелей жіберілген жеделхатта (Қырғыз (Қазақ) азық-түлік халық комиссарлар уәкілі, Революциялық комитеті, уездік азық-түлік комитеті, партком және Гужтройка архив құжатында) губерния өзіне жүктелген мемлекет тапсырмаларын орындамайтынын атап өтті. Егер жоспар орындалмаса оған қатысы барлық адамдар қатаң жазаға тартылады: «Предуревком және Уипродкомиссар қызметінен кетеді. Тұтқындалып, жоғарғы трибуналды сотқа беру үшін Мәскеуге жіберіледі. Осы бұйрықты болдырмау үшін Ақмоладағы Уревком еш нәрсеге қарамастан жоспарды орындау міндеттелген. Егер алдағы күндері уездің нан жеткізуі он есе өспесе, уездің ауыр саяси жағдайы немесе жұмыс күшінің жоқтығы да ескерілмейді» (ҚР ОМА, 44:10). Әрі қарай, қарулы жасақтарды «қауіпті» жерлерге жіберуге, барлық коммунистерді «қарумен» мобилизациялауға, бөлімдер мен мекемелерді жабудан тайынбауға, тапсырмаларды нашар орындайтын болыстарға «барынша қысым көрсетуге» бұйрық беріледі. «Жергілікті қажеттіліктер үшін қандай да бір азық-түлікті таратуды» тоқтатуға қатаң түрде бұйырылады. Бұл кезде шаруалар шөп дайындаумен айналысқан, жеделхатта егер болыс нан шығару жөніндегі тапсырманы орындамаса, шөп шабуға тыйым салу қажет деп айтылған. Жеделхаттың авторлары соңында революциялық санаға шақырып, жазалау қаупімен аяқтайды: «Осындай ауыр жылдарды кешіп жатқан Республиканы құтқару сіздің қуатыңызға, революциялық шешімділігіңізге байланысты екенін, әлсіз және нан жеткізуге қабілетсіздер мемлекетке опасыздық жасаушы ретінде ең жоғары жазаға тартылатындығын ұмытпаңыздар. Басқа ескертулер болмайды». 1921 ж. 21 шілдедегі осы жолдауға қол қойғандар: Еңбек және қорғаныс кеңесінің уәкілі және Кирнаркомпрод орынбасары Пономаренко; губком хатшысы Леонинко, Губревком төрағасы Айтиев, Чрезгубгужпятерка төрағасы және Губпродкомиссар Иванов.

Қорытынды. Осылайша, Қазақстанды бірінші кезекте «әскери коммунизм» саясатының салдарынан болған мал шаруашылығы мен отырықшы шаруашылықтардың толық күйреуі орын алған ең ауыр экономикалық дағдарыс қамтыды.

Табиғи фактор сөзсіз орын алды. Көшпенділердің өмір салтында жұт қатар жүрді, өйткені көшпелі мал шаруашылығының тіршілігі, көбінесе географиялық ортамен тығыз байланыста болған. Бірақ, 1921-1922 жылдары бұрын-соңды болмаған апат орын алды. Біздің ойымызша, оның бірнеше себептері бар:

Біріншіден, отарлау мен қоныс аудару саясатының басталуымен қазақтардың дәстүрлі шаруашылық жүргізу жүйесінің жойылуы. Бұрынғы жылдары, жұт басталған кезде көшпенділер малдарын неғұрлым қолайлы аумақтарға айдап әкететін. Бірақ, XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың

басынан бастап қазақтар көшудің дәстүрлі бағыттары бойынша еркін жүріп-тұруға құқығы болмады, өйткені 1867-1868 жылдардағы реформамен Қазақстан жерлері Ресей империясының мемлекеттік меншігі болып жарияланды. Ресейдің орталық аудандарынан Қазақстанға қоныс аударған шаруаларға ең құнарлы – өзендер, су қоймалары мен көлдердің жанындағы жер учаскелері берілді. Қоныс аударған шаруаларды жермен қамтамасыз ету үшін жерлер байырғы тұрғындардан алынып, олар нашар жерлерге ығыстырылды, қазақ жайылымдары тартып алынды. Көшіп-қону жолдары бұзылып, аумақтар шектелді.

Екіншіден, апатқа «соғыс коммунизмі» саясаты ықпал етті, бұл ауыр зардаптарға яғни, халықтың негізгі саласының – мал шаруашылығының дағдарысына, ауыл шаруашылығының құлдырауына, демографиялық апатқа, ауыр әлеуметтік зардаптарға және халықтың шекаралас аймақтарға көшуіне әкелді.

XX ғасырдың 20-жылдарында халыққа қатысты жазалау саясатын билік заңдастырды. Олар: тәркілеу, реквизициялау, мал мен астықты қорғаған адамдарға өзіндік айыптау, қауіптер мен қорқыту жиі кездесетін. Малды азық-түлік салғырты мен реквизициялау жоспарын орындау үшін ең ықпалды ақсақалдар мен ру билеушілерді сотсыз, тергеусіз ату жазасыз қалды.

Әскери-коммунистік әдістермен жүргізілген, мобилизациялау сипатындағы мемлекеттік саясат азық-түлік мәселесін шеше алмады. «Әскери коммунизм» саясаты Қазақстанның және жалпы елдің экономикасын толық күйреуге алып келді. Халық ең қорқынышты, орны толмас шығындарға, апатты деңгейге жеткен кедейлікке ұшырады.

Әдебиеттер тізімі

- Қазақстан Республикасы Президентінің архиві (ҚР ПА). 139-қ. 1-т. 74-іс.
 ҚР ПА. 139-қ. 1-т. 107-іс.
 ҚР ПА. 139-қ. 1-т. 111-іс.
 ҚР ПА. 139-қ. 1-т. 211-іс.
 ҚР ПА. 139-қ. 1-т. 359-іс.
 Абылхожин Ж.Б. Традиционная структура Казахстана, социально-экономические аспекты функционирования и трансформации (1920-1930 гг.). Алматы, 1991. 240 с.
 Дахшлейгер Г.Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1929 гг.). Алма-Ата, 1965. 535 с.
 Дахшлейгер Г.Ф., Нурпеисов К.Н. История крестьянства Советского Казахстана. Т.1. А., 1985. 247 с.
 Декрет СНК о разверстке зерновых хлебов и фуража, подлежащих отчуждению в распоряжение государства, между производящими губерниями. 11 января // Декреты Советской власти. Т.4. М., 1968. С. 292-294.
 Декрет СНК об обязательной поставке скота на мясо. 23 марта // Декреты Советской власти. Т.7. М., 1975. С. 377-379.
 Мусаев Б.А. Голод в 1921-1922 гг. в Казахстане и ликвидация его последствий. Актобе, 2006. 190 с.
 Нурпеисов К.Н. Крестьянские советы Казахстана (история становления, укрепления и практической деятельности аульных Советов в 1917–1928 гг.). А., 1972.
 Турсунбаев А.Б. Казахский аул в трех революциях. Алма-Ата, 1967. 483 с.
 Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА)
 ҚР ОМА. 5-қ. 1-т. 16-іс.
 ҚР ОМА. 5-қ. 1-т. 26-іс.
 ҚР ОМА. 5-қ. 1-т. 45-іс.
 ҚР ОМА. 5-қ. 1-т. 62-іс.
 ҚР ОМА. 5-қ. 2-т. 5-іс.
 ҚР ОМА. 5-қ. 2-т. 34-іс.
 ҚР ОМА. 5-қ. 2-т. 44-іс.
 ҚР ОМА. 28-қ. 1-т. 107-іс.
 ҚР ОМА. 139-қ. 2-т. 44-іс.
 ҚР ОМА. 224-қ. 1-т. 146-іс.

References

- Archive of the President of the Republic of Kazakhstan (AP RK).
 AP RK. F.139. Op.1. D.74.
 AP RK. F.139. Op.1. D.107.
 AP RK. F.139. Op.1. D.111.
 AP RK. F.139. Op.1. D.211.
 AP RK. F.139. Op.1. D.359.
 Abylkhozhin ZH.B. Traditsionnaya struktura Kazakhstana, sotsial'no-ekonomicheskiye aspekty funktsionirovaniya i transformatsii (1920-1930 gg.) [Traditional structure of Kazakhstan, socio-economic

aspects of functioning and transformation (1920-1930)] A., 1991. 240 s. [In Russian].

Dakhshleyger G.F. Sotsial'no-ekonomicheskiye preobrazovaniya v aule i derevne Kazakhstana (1921-1929 gg.) [Socio-economic transformations in the aul and the village of Kazakhstan (1921-1929)]. Alma-Ata, 1965. 535 s. [In Russian].

Dakhshleygar G.F., Nurpeisov K.N. Istoriya krest'yanstva Sovetskogo Kazakhstana. [The history of the peasantry of Soviet Kazakhstan]. T.1. A., 1985. 247 s. [In Russian].

Dekret SNK o razverstke zernovykh khlebov i furazha, podlezhashchikh otchuzhdeniyu v rasporyazheniye gosudarstva, mezhdru proizvodnyashchimi guberniyami. 11 yanvarya [Decree of the Council of People's Commissars on the appropriation of grain crops and fodder, subject to alienation at the disposal of the state, between the producing provinces. 11 January] // Dekrety Sovetskoy vlasti. T.4. M., 1968. S. 292-294. [In Russian].

Dekret SNK ob obyazatel'noy postavke skota na myaso. 23 marta [Decree of the Council of People's Commissars on the compulsory supply of livestock for meat. March 23] // Dekrety Sovetskoy vlasti. T.7. M., 1975. S. 377-379. [In Russian].

Musayev B.A. Golod v1921-1922 gg. v Kazakhstane i likvidatsiya yego posledstviy. [Famine in 1921-1922 in Kazakhstan and elimination of its consequences]. Aktobe, 2006. [In Russian].

Nurpeisov K.N. Krest'yanskiye sovery Kazakhstana (istoriya stanovleniya, ukrepleniya i prakticheskoy deyatelnosti aul'nykh Sovetov v 1917-1928 gg.) [Peasant councils of Kazakhstan (history of formation, strengthening and practical activity of aul councils in 1917-1928)]. A., 1972. [In Russian]

Tursunbayev A.B. Kazakhskiy aul v trekh revolyutsiyakh [Kazakh aul in three revolutions.]. Alma-Ata, 1967. 483 s. [In Russian]

Central State Archives of the Republic of Kazakhstan (CSA RK)

CSA RK. F.5. Op.1. D.16.

CSA RK. F.5. Op.1. D.26.

CSA RK. F.5. Op.1. D.45.

CSA RK. F.5. Op.1. D.62.

CSA RK. F.5. Op.2. D.5

CSA RK. F.5. Op.2. D.34.

CSA RK. F.5. Op.2. D.44.

CSA RK. F.28. Op.1. D.107.

CSA RK. F.139. Op.2. D.44.

CSA RK. F.224. Op.1. D.146.

МРНТИ 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961_2021_4_125

**ЧИСТКА КОЛХОЗОВ ОТ «БАЙСКО-КУЛАЦКОГО ЭЛЕМЕНТА...»:
РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ТЕЛЬМАНОВСКОМ РАЙОНЕ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1932-1933 ГГ.**

Мусагалиева Арайлым Сабитовна^{1*}

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, Нур-Султан

*Автор-корреспондент

E-mail: arai0410@mail.ru

Аннотация. В статье на основании архивных материалов рассматриваются некоторые аспекты повседневной жизни местного населения Тельмановского района Карагандинской области в 1932-1933 гг. Изучена политика Советской власти во время раскулачивания, под названием «чистка колхозов от «кулацко-байского элемента» в Тельмановском районе, Карагандинской области. Особое внимание уделено проведению репрессий властью во время мясозаготовок и хлебозаготовок, взаимоотношению местного управления и народа, результатам этих реформ в демографической и экономической сфере в 1933 г. В статье использован большой массив архивных документов Государственного архива Карагандинской области, Государственного архива Северо-Казакстанской области, Государственного архива г. Темиртау, в том числе документы областной и районной администрации: решений и постановлений комитетов ВКП(б), отчеты исполнительных комитетов, и документы о выселении баев и кулаков, направленные против байства и кулачества. Были составлены статистические данные о количественном составе жителей района после проведения репрессий и раскулачивания, а также списки выселенных баев-кулаков во время проведения этой кампании. В исследовании показан ход событий силовой коллективизации, то есть трансформация колхозов Тельмановского района животноводческой направленности в зерновую.

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

- Әбсадық А.А., Қабылдинов З.Е., Арықбаева Ж.
А. ВАСИЛЬЕВТИҢ «ИСТОРИЧЕСКИЙ ОЧЕРК РУССКОГО ОБРАЗОВАНИЯ
В ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ» АТТЫ ЕҢБЕГІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК
ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ МӘН-МАҢЫЗЫ (ОЧЕРКТИҢ І БӨЛІМІ БОЙЫНША).....5
- Нартбаев Ш.Ж., Қабыл А.Ә., Мамраймов С.Д.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫН (XVIII-XIX ҒАСЫРЛАР)
ЗЕРТТЕУДІҢ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....16
- Мақсұтова А.Ә., Кумеков Б.Е., Апашева С.
М.Х. ДУЛАТИ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ТАРИХ-И РАШИДИ»
ЕҢБЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХНАМАСЫНДА.....26

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ
MEDIEVAL HISTORY**

- Уткирбай Ағатай
КОПЬЯ И ПИКИ ПОЗДНЕСРЕДНЕВЕКОВЫХ КОЧЕВНИКОВ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ
(ПО МАТЕРИАЛАМ ГЕРОИЧЕСКОГО ЭПОСА КАЗАХОВ (НОГАЙЛИНСКИЙ ЦИКЛ).....36
- Маргулан А.С.
АНАЛИЗ ВОСТОЧНЫХ ЛЕТОПИСЕЙ XIV-XVI ВВ.
ПО ГЕНЕАЛОГИИ ЧИНГИСХАНА И ЭМИРА ТИМУРА.....45
- Кутулуков Ш.П.
ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВА
КОЧЕВЫХ УЗБЕКОВ В КОНТЕКСТЕ КОНСТРУКТИВИЗМА.....56
- Лапин Н.С.
СУЛТАН УРАЗ-МУХАММЕД И КАЗАХСКО-РУССКИЕ ПОСОЛЬСКИЕ
СВЯЗИ В КОНЦЕ XVI В. (ПО МАТЕРИАЛАМ РГАДА).....65

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
НОВАЯ ИСТОРИЯ
NEW HISTORY**

- Torlanbayeva K.
COLONIAL RUSSIA'S POLICY TOWARDS ISLAM IN KAZAKHSTAN
(BASED ON THE MATERIALS OF THE ORENBURG STATE ARCHIVE).....76
- Ахмет А.К., Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Ермекбаев А.А.
ЖӨҢГІР ХАН: КҮНГЕЙ МЕН КӨЛЕҢКЕ БЕТТЕРІ.....81
- Әпендиев Т.Ә.
ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ БАТЫРЛЫҚ ТҮЛҒАСЫ.....91
- Kaumen D.I., Sadykov T.S., Maxutova A.A.
NATIONAL HUMAN CAPITAL IN KAZAKHSTAN AT THE BEGINNING
OF THE XX CENTURY: STUDY OF THE ACTIVITIES OF THE ALASH INTELLIGENCE.....99

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА
SOVIET PERIOD HISTORY**

Кабульдинов З.Е., Оралова А.А., Тылахметова А.С. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИЗ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ С. САДУАКАСОВА.....	107
Капаева А.Т. КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ «ӘСКЕРИ КОММУНИЗМ» ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК САЯСАТЫ.....	117
Мусағалиева А.С. ЧИСТКА КОЛХОЗОВ ОТ «БАЙСКО-КУЛАЦКОГО ЭЛЕМЕНТА...»: РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ТЕЛЬМАНОВСКОМ РАЙОНЕ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1932-1933 ГГ.....	125
Мұқтар Ә.Қ., Ахметова У., Жумабаев А. ПРОРВА-АСТРАХАНЬ ЛАГЕРЛЕРІ ТАРИХЫ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІНДЕ (1932-1950 ЖЖ.).....	136
Қозыбаева М.М., Құдайбергенова А.И., Байдалы Р.Ж. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....	149
Хайдаров Е.Е. ОРАЛ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1921-1922 жж.).....	157
Конкабаева А.Н., Мурзаходжаев К.М. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИСТОРИИ ГОЛОДА В КАЗАХСТАНЕ В 1921-1922 ГОДАХ: В АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ И ПИСЬМЕННЫХ МАТЕРИАЛАХ.....	166
Мухамбетғалиева А.К. ПЕНСИОННОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1946-1953).....	172
Аманбекова Н.Д., Бакирова Ж.С. 1925-1991 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЗАЙСАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, МӘДЕНИ ДАМУЫ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	182

**САЯСИ ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
POLITICAL HISTORY**

Борбасов С.М., Жүнісова Б.Н. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ БАСЫМДЫҚТАРЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	191
---	-----

**ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY**

Ақымбек Е.Ш., Железняков Б.А. АНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОЙМЫШТЫ ТАС МӨРЛЕРІ.....	204
Тұяқбаев М.Қ., Түрсүн Х.М., Исаев М.С., Байболов Б.Қ., Шаметов С.Т. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ МАҢЫНДАҒЫ ҮЛКЕН «ҚЫЛУЕТ» ЖЕРАСТЫ МЕШТІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУІ.....	213
Утубаев Ж.Р. АНТИЧНЫЕ ПОСЕЛЕНИЕ БАЛАНДЫ.....	222

Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А., Морякова М.Т.
ФЕНОМЕН ОСЕДЛОЙ КУЛЬТУРЫ В КОЧЕВОЙ СРЕДЕ
(НА ПРИМЕРЕ ЗОЛОТООРДЫНСКОГО ГОРОДИЩА АКТОБЕ).....230

Имярова З.С., Джон А.А.
ВЛИЯНИЕ ЭТНИЧЕСКОЙ СРЕДЫ НА ТРАДИЦИОННУЮ
КУЛЬТУРУ КИТАЙСКИХ МУСУЛЬМАН (ДУНГАН) В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....239

**ЕСКЕ АЛУ
ПАМЯТЬ
MEMORY**

Мұқаметханұлы Н.
АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ - ТӘУЕЛСІЗДІК САНАНЫҢ ЖАРШЫСЫ
(ҒАЛЫМНЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА).....248

Алимгазинов К.Ш.
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ВКЛАД Б.М. СУЖИКОВА В РАЗВИТИЕ
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ НАУКИ (К 70-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ УЧЕНОГО).....252

**ҒЫЛЫМИ ӨМІР
НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ
SCIENTIFIC LIFE**

ТОРЖЕСТВЕННОЕ МЕРОПРИЯТИЕ ПО ВРУЧЕНИЮ НАГРАД – ОСНОВОПОЛОЖНИКУ
АНТРОПОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ В КАЗАХСТАНЕ ОРАЗАКУ ИСМАГУЛОВУ
И ВИДНОМУ АНТРОПОЛОГУ АЙНАГУЛЬ ИСМАГУЛОВОЙ.....256

Әлімғазы Дәулетхан
АКАДЕМИК ОРАЗАҚ СМАҒҰЛОВ ТАҒЫЛЫМЫ.....258

Басуға 23.12.2021 қол қойылды
Шартты баспа табағы –12,5
Офсеттік басылым
Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, «Отан тарихы»
журналының редакциясында басылды